

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
Оқу-ағарту министрлігі
«Атырау облысы Білім беру
басқармасының Құрманғазы ауданы
білім бөлімінің «Айбөбек» бөбекжай-
балабақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорын



Министерство Просвещения
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
Коммунальное государственное
казенное предприятие «Ясли-сад
«Айбөбек» отдела образования
Курмангазинского района Управления
образования Атырауской области»

БҰЙРЫҚ

«17» желтоқсан 2024 жыл

Құрманғазы ауылы

ПРИКАЗ

№1-127

село Курмангазы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдауды жасақтаушы балабақшаішілік жұмысшы топ құру туралы

Аудандық білім бөлімінің 2024 жылдың 17 желтоқсандағы №06-01-06-13-05-2/2446 санды хатын орындауға байланысты ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балабақшаішілік ішкі талдауды жасақтаушы төмендегідей құрамда жұмысшы топ құрылсын:
 - 1) З.Ш.Шамарданова- меңгеруші
 - 2) К.А.Амиргалиева- әдіскер
 - 3) М.М.Ертаева- педагог-психолог
 - 4) К.Ж.Ажғалиева- медбике
 - 5) У.Дауталиева- шаруашылық меңгерушісі
 - 6) А.А.Шугаева- бухгалтер
 - 7) Ж.Е.Айтжанова- тәрбиеші, кәсіподақ төрайымы.
2. Меңгеруші болмаған кезде міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын қызметкер әдіскер К.А.Амиргалиеваның шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылсын.
3. Ішкі талдау 30 (отыз) жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізілетіні және қажет болған жағдайда меңгерушінің бұйрығы негізінде 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылатыны ескерілсін.
4. Ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізілсін.
5. Ішкі талдау жүргізу кезінде талдамалық анықтама жасалсын.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы»

КМҚК меңгерушісі

З.Шамарданова

Бұйрықпен таныстым

К.Амиргалиева

М.Ертаева

К.Ажғалиева

У.Дауталиева

А.Шугаева

Ж.Айтжанова

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорында 2025 жылдың қаңтар-мамыр аралығындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу нәтижелері бойынша аналитикалық анықтама

мамыр 2025 жыл

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады.

Осыған орай, «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасында 2025 жылдың қаңтар-мамыр аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Балабақшаның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Балабақшаның ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың жұмыс тобымен балабақшаның өз қызметінде пайдаланатын нормативтік-құқықтық және құқықтық актілерді зерделенді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында балабақшада ұйымдастырушылық – басқарушылық қызметіндегі ішкі талдау келесі бағытында жүргізілді:

1. Персоналды басқару, соның ішінде кадрлардың ауысуы.

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-да еңбек шартымен жұмыс жасап отырған жұмысшылардың барлық саны- 30, электрондық түрде еңбек шарттары есепке алынып, бірыңғай жүйесінде (ЕШЕБЖ) енгізілді. 2025 жылы «еден жуушы» қызметіне бір еңбек шарты жасақталған.

2025 жылы ата-аналар және қызметкерлер тарапынан, тағы да басқа арыз-шағым мүлдем тіркелмеген.

2. 2025 жылға мемлекеттік сатып алу бойынша:

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» КМҚК-да 2025 жылы 59 дана мемлекеттік сатып алу келісім-шарты жасалды.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша:

Балаларды балабақшаға қабылдау:

Мектепке дейінгі білім беру ұйымына балаларды қабылдау ҚР–сының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Ережеге сәйкес ата-анадан қабылданған құжаттар төмендегі тізімде:

1. Баланың жолдамасы;
2. Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі (сәйкестендіру үшін);
3. Баланың денсаулық паспорты (№052-2/у форма),
4. Денсаулық жағдайы туралы анықтама (№027/у),
5. Көлемі 3х4 фотосурет -2 дана.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған тәрбиелік шаралар:

Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбында қызметкерлермен дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Тақырып бойынша баяндама оқылды, ұсыныс, пікірлер айтылды. Жыл сайын барлық қызметкерлермен сауалнама жүргізіледі. Тәрбиеленушілердің ата-аналары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» сурет байқауы болып өтті. Балабақшада сыбайлас жемқорлыққа байланысты арнайы стенд орналастырылған, жадынамалармен жабдықталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданатын шараларды жақсарту бойынша ұсыныстар:

Қызметкерлердің «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Зандарының талаптарын орындауын қамтамасыз ету.

Қорытынды:

«Айбөбек» бөбекжай-балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорында 2025 жылдың қаңтар-мамыр айларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Жұмысшы тобы:



менгеруші З.Шамарданова
әдіскер К.Амиргалиева
педагог-психолог М.Ертаева
медбике К.Ажғалиева
шаруашылық меңгерушісі У.Дауталиева
бухгалтер А.Шугаева
тәрбиеші Ж.Айтжанова